



БОЛАШАҚ ҚАСЫМЫЗДА

«ЖИНАҚ БАНКІ»
АҚ ЕБ-НЫҢ 2017
ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ:

I. Сбербанк тобы _____	4
Міндеттер, құндылықтар;	5
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ – банк профилі;	6
Біздің марапаттар.	6
II. Банк рейтингтері _____	8
III. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі _____	10
IV. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының үндеуі _____	12
V. Корпоративтік басқару _____	14
Ұйымдастыру құрылымы;	16
Директорлар кеңесі;	18
Басқарма;	24
Дивидендтер.	25
VI. Басқарманың 2017 жылғы қызмет туралы есебі _____	28
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің Қазақстан Республикасы қаржы нарығындағы орны;	28
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаржы нәтижелерін ХҚЕС бойынша талдау:	28
Жиынтық кірістер туралы есеп;	29
Тәуекел – менеджмент;	41
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ әрекет ететін негізгі нарықтар талдамасы;	46
2017 жылы болған макро және микроэкономикалық өзгерістер;	46
Корпоративтік бизнес;	54
Халықаралық бизнес;	56
Бөлшек бизнес;	57
Филиалдық желі;	61
Ақпараттық технологиялар;	62
Маркетингтік саясат.	63

VII. Әлеуметтік жауапкершілік _____	66
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ қайырымдылық және демеушілік қызметі;	66
Қызметкерлер.	68
VIII. Даму болашағы _____	75
IX. Қаржылық есептілік _____	78
X. Негізгі бизнес-байланыстар _____	94
XI. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ деректемелері _____	95



I. СБЕРБАНК ТОБЫ

Бүгінгі таңдағы Сбербанк – бұл Ресейдегі ең ірі банк және ірі әлемдік қаржы институттарының бірі. Сбербанк үлесіне елдің жиынтық банктік активтерінің 28,9%-ы тиесілі (2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша), ал халықтың 60%-ы - оның белсенді клиенттері болып табылады. Сбербанк Ресейдің ірі жұмыс берушілерінің топ-5 кіреді. Банк ресей экономикасының негізгі кредиторы болып табылады және салымдар нарығында ірі үлесті алады.

Ресейдегі Сбербанктің белсенді бөлшек клиенттерінің саны 86 миллион адамнан асады, Топтың корпоративтік клиенттерінің саны – Ресейде 2 млн астам.

Сбербанктің бөлшек клиенттерге арналған қызметтер спектрі өте кең: дәстүрлі депозиттер мен кредиттеудің әр алуан түрлерінен бастап банктік карталарға, ақша аударымдарына, банктік сақтандыруға және брокерлік қызметтерге дейін.



Сбербанк Тобының географиясы 22 елді, соның ішінде Ресей Федерациясын қамтиды. ТМД елдерімен (Қазақстан, Украина және Беларусь) қатар, Сбербанк Орталық және Шығыс Еуропаның тоғыз елінде (Sberbank Europe AG, бұрынғы Volksbank International) және Түркияда (DenizBank) орналасқан. Сбербанктің Еуропадағы брендін ресми іске қосу 2013 жылы жүзеге асырылды. Сбербанктің өкілдіктері сондай-ақ Германия мен Қытайда, филиалы Үндістанда бар.

Топтың корпоративтік-инвестициялық бизнесінің – Sberbank CIB Нью-Йоркте, Лондонда және Никосияда меншікті офистері бар, олар операцияларды жаһандық нарықтарда жүзеге асырады және шетелдік биржалардағы брокерлік және дилерлік қызметтерге және шетелдік клиенттерге арналған қызметтерге маманданады. Сауданы қаржыландыру және құрылымдық кредиттеу бойынша мәмілелерге арналған платформа болып табылатын Sberbank (Switzerland) AG еншілес банкі операцияларды жаһандық нарықтарда жүзеге асырады және клиенттерге транзакциялық қызметтерді ұсынады.

МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Біздің міндеттеріміз

- Біз адамдарға сенімділік және батылдылық береміз, олардың өмірін жақсартамыз, талпынысы мен армандарын іске асыруға көмектесеміз.

Біздің құндылықтарымыз

- Біздің құндылықтарымыз – өмір мен еңбекке деген қарым-қатынас негізі, күрделі жағдайларда шешім қабылдауға көмек көрсететін ішкі компас, әрдайым және және барлық жерде адалдығымызды сақтайтын ұстанымдарымыз.
- Бізге кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бағыттар:



Мен – көшбасшы

- Біз өзіміз үшін және айналамызда болып жатқан жағдайлар үшін жауап береміз
- Біз қолымыздан келетіннің бәрін ең жақсы түрде жасаймыз
- Біз үнемі дамып отырамыз және өзімізді, банк пен қоршаған ортаны жетілдіреміз
- Біз бір-бірімізге және клиенттерге адалмыз



Біз – команда

- Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істей отырып, бір-бірімізге қуана көмектесеміз
- Біз айқынбыз және өз клиенттерімізге сенеміз
- Біз бір-бірімізді құрмет тұтамыз
- Біз әріптестеріміздің өсіп, дамуына көмектесеміз



Бәрі – клиент үшін

- Біздің барлық қызметіміз клиенттердің мүддесін қорғауға және соларға арналға
- Қызмет сапасымен және қарым-қатынаспен клиенттерімізді таң қалдырып, қуантқымыз келеді
- Біз клиенттердің үміттерін ақтаймыз

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Сбербанктің халықаралық тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты қызмет етіп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы барлық екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) арасында 4-ші орынға ие.
- Сбербанк Қазақстан нарығындағы ірі шетел банкі болып табылады;
- Сбербанк - кең спекторлы өнімдері мен қызметтері бар әмбебап Банк;
- Сбербанк мемлекетпен серіктестікте жұмыс істейді, Қазақстан экономикасының кілтті инвесторы және кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының көшбасшысы болып табылады.
- Инновациялық өнімдерді адамдарға қолжетімді ете отырып, Сбербанк заманауи банктік технологиялардың көшбасшысы болып табылады.
- Қазіргі таңда «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ның 90 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы – филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

Біздің марапаттарымыз бен жетістіктеріміз:

- СБОЛ (Сбербанк Онлайн) - UsabilityLab ресей компаниясының бағалауы бойынша Қазақстан банктерінің мобильді қосымшаларының юзабилити-рейтингінде бірінші орын.
- Сбербанк – SWIFT төлемдерінің саны бойынша көшбасшы.
- «Даму» Қоры акциясы аясында «Табыс кепілдендірілді - 2017» марапаты («Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 427,7 млрд. теңгеге 1566 жоба мақұлданды).



SWIFT төлемдердің саны
бойынша көшбасшы

ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЫЛЫҚ

Толықтырылған шынайылық – бұл адамның шынайы өміріне, қабылдаудың үш өлшемді өрісіне шынайы өмірдің элементтері ретінде қабылданылатын виртуалды ақпаратты қосу, енгізу технологиясы. Сапалы контент болғанда адамда шынайылық пен жасанды құрылған әлем арасындағы шек жойылады. Шынайылық оған виртуалды ақпаратты енгізу арқылы кеңейеді (немесе толықтырылады).

II. КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ның сенімді және тұрақты өсуін Fitch және Эксперт РА рейтингтері растады. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер арасында ең жоғары кредиттік рейтингтердің бірін иеленеді.

Fitch Ratings
BB+ /позитивтік

ЭКСПЕРТ РА
РЕЙТИНГОВОЕ АГЕНТСТВО

A++ / кредит қабілеттілігінің бірыңғай жоғарғы деңгейі

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі 2017 жылғы желтоқсан айында Банкке «BB+»/«Позитивтік» болжамы деңгейіндегі рейтингті орнатты.

2017 жылғы 06 қаңтарда Эксперт РА рейтинг агенттігімен Банкке A++ кредит қабілеттілігінің бірыңғай жоғарғы деңгейі берілді.

JETOVATOR

Джетовейтор (Jetovator) атауы мультфильмдегі ойдан шығарылған есімге ұқсайды, бірақ ол шынында нақты құрылғы. Ол спорттың судағы түрлері және судағы ойын-сауықтар әуесқойларын қызықтырады. Оны тек қана жалғыз мақсатпен әзірлеген- орасан зор рақат алу

III. «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер, клиенттер және команда мүшелері!

2016 жылы Қазақстанның банк секторындағы жағдай айтарлықтай қиын болып қалуын жалғастырды, алайда бұған қарамастан Сбербанк барлық кілтті көрсеткіштер бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізіп, өзінің тиімділігін арттырды.

Біздің бизнестің дамуы клиенттеріміздің сұраныстарына және стратегиялық жоспарға сәйкес жүргізілді. Сбербанк қаржылық көрсеткіштердің динамикалық дамуын қамтамасыз етті және қазіргі таңда Қазақстан нарығында көшбасшылық позицияның бірін нық сеніммен алып отыр.

Сбербанк Қазақстандағы өте ірі институционалдық шетел инвесторы болып табылады. Активтерінің жалпы көлемі 1,6 триллион теңгеден асады. Сбербанктің сенімділігі мен тұрақты өсуі Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің «BB+»/«Тұрақты» болжамы, Эксперт РА рейтинг агенттігінің A++ рейтингтерімен расталады. Қазіргі күндегі Сбербанк рейтингі Қазақстанның коммерциялық банктері арасындағы ең жоғарғысы.

Сбербанк елдің жалпы экономикалық дамуына белсенді ықпал етеді және Қазақстандағы ірі шетелдік институционалдық инвестор болып табылады. Бас банкпен (Сбербанк ЖАҚ) бірлесееншілес банк Қазақстан экономикасын 2,7 триллион теңгеге қаржыландырды. Бұл шетел капиталы қатысқан банктер арасындағы ірі инвестициялар. Қаржыландыру меншікті қаражаттар есебінен, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысу есебінен жүзеге асырылады. 8 жыл ішінде «Даму» қоры бағдарламалары бойынша банкпен жалпы сомасы 476,5 миллиард теңгені құрайтын 2081 жоба қаржыландырылған және субсидияланған.

2017 жылы банк үшін өңдеуші өнеркәсіп пен көлік кредиттеудің басым бағыттары болып табылады.

Сондай-ақ Сбербанк трансшекаралық бизнесті белсенді түрде дамытуды жалғастырып келеді және халықаралық төлемдер бойынша біріншілікті сақтап келеді. SWIFT деректері бойынша Сбербанк үлесіне Қазақстаннан шығатын барлық төлемдердің 31%-дан астамы тиесілі. Біз тікелей онлайн төлемдердің сервистерін енгіземіз, ол ақша аударымдарының уақыты мен құнын едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді. Трансшекаралық операцияларды орындау 15 минутқа қысқарды.

2017 жылы Сбербанкте 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы қабылданды. Оның басты мақсаты – халық пен бизнес үшін ең үздік банк болып қала отырып, банктің жаһандық технологиялық компаниялармен бәсекелесуіне мүмкіндік беретін жаңа деңгейге шығуына жағдай жасайтын бастамаларды жүзеге асыру. Біз меншікті технологиялық платформаны табысты трансформациялаймыз және ең озық заманауи технологиялар базасында ірі өнеркәсіптік АТ-жүйесін құрамыз. Сонымен қатар, біз жасанды интеллект, машинамен оқыту, блокчейн, робототехника және тағы басқа инновациялық технологияларды белсенді дамытып келеміз.

Қазақстандағы еншілес банк Сбербанк халықаралық тобының қатысушысы бола отырып, озық әлемдік тәжірибелер мен қызмет көрсету стандарттарын ақырындап енгізіп жатыр. Біз үшін жылдамдық, сервис және қолжетімділік өте маңызды. Біз клиенттердің күнделікті өміріне барынша біріктірілген қызмет көрсету ортасын қалыптастырамыз.

Біз Digital Banking жүйесін табысты түрде дамытып келеміз. Қазіргі таңда клиенттеріміздің операцияларының 85%-ы қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы жүзеге асырылуда. Интернет банкингі 600 000-нан астам адам белсенді түрде пайдалануда, банктегі әрбір бесінші салым бүгін онлайн ашылады. Сбербанк Бизнес Онлайнды біздің клиенттеріміздің 46 мыңнан астамы белсенді түрде пайдаланады.

Біз осы жеткен жетістікпен тұрып қалмай, алға басудамыз. Қазақстандағы Сбербанктің әлеуеті зор, оны біздің кәсіпқойлар командасы жүзеге асыруы тиіс. Банк Даму стратегиясын іске асырады және клиенттердің қажеттіліктеріне дер кезінде алдын-ала көңіл бөледі. Біз үшін клиентке бағытталу, тиімділікті арттыру, инновацияларды басқару, қаржы нарығындағы ғаламдық трендтерге көңіл қою және жаңа технологияларды енгізу негізгі басымдылықтар болып қалады.

Құрметпен,
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Директорлар Кеңесінің Төрағасы
И.Б. Коломейский

IV. «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

2017 жылдың нәтижелері бойынша Сбербанк қаржылық көрсеткіштердің динамикалық дамуын қамтамасыз етті және Қазақстан Республикасының қаржылық реттеушісімен орнатылған міндетті барлық нормативтерді орындады. Банк активтері 7,2 % нарық үлесімен 1,7 триллион теңгені құрады. Банк Қазақстан банктері рэнкингінде активтерінің мөлшері бойынша 4-ші орынды, ал меншікті капиталының мөлшері бойынша 5-ші орынды алады.

Өткен жылы біз Банктің таза пайдасын екі есеге дейін ұлғайттық, соның нәтижесінде таза пайыздық кірістің және таза комиссиялық кірістің өсімі 14,7 миллиард теңгені құрады.

Біз жеке және заңды тұлғалардың депозитін 1,3 триллион теңге шамасында тарттық. Банктің несие портфелі 1 триллион теңгеден асты. Осы орайда біз портфельдегі проблемалық заемдар үлесін маңызды түрде қысқарттық.

Мұндай нәтижелерге қол жеткізу біздің клиенттердің сенімі мен қолдауы арқасында мүмкін болғандығын атап өткім келеді. Қазір Сбербанкке 38 мыңнан астам корпоративтік және 1,5 миллионнан астам бөлшек клиенттер сенім артуда.

Біздің Банк Қазақстан экономикасының ажырамас бөлігіне айналды деп нық сеніммен айта аламын. Бірнеше жылдан бері біз кәсіпкерлерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының көшбасшысы болып келе жатмыз. Бұл жағдайда Сбербанк клиенттерге бес тілде, яғни қазақ, орыс, ағылшын, түрік және қытай тілдерінде қызмет көрсетіп жатқан жалғыз қазақстандық банк. Сол үшін біз арнайы International Desk бірегей бөлімшесін құрдық, ол бес жылдан бері мыңнан астам халықаралық компанияларға қызмет көрсетумен табысты түрде айналысып келеді.

Жаңа дәуірдегі клиенттер үшін технологиялар қажеттіліктерді қанағаттандырудың негізгі тәсілі болып табылады, сондықтан өткен жылы біз өз бөлімшелерімізді smart-офистерге түрлендірудің ауқымды бағдарламасын іске қостық. Сбербанк Алматыда, Астанада, Шымкентте 10 цифрлық офисті ашты. Біздің алға қойған мақсатымыз – smart-офиске келген клиентке қаржылық қызметтерді қашықтан пайдалана алатындай дәрежеде Сбербанктің digital-өнімдерін пайдалануға үйрету. Күрделі өнімдер бойынша кеңес беру және рәсімдеу бейнебанкинг арқылы жүргізіледі. Қолма-қол операциялар барлық операциялардың көп бөлігін құрағандықтан, біздің клиенттер ақпараттық-төлемдік терминалдарды, cash-in және cash-out функциялары бар мультивалюталық банкоматтарды, сондай-ақ электрондық кассирлерді пайдалана алады, ол сәйкесінше клиенттің банкте болу уақытын едәуір қысқартады. Осы жылы біз өзіміздің офистерімізді жаңа банктік құрал-жабдықпен жабдықтауды жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Жаңа мақсаттар мен міндеттердің уақыты келді. 2017 жылы біз 2020 жылға дейін банктің даму стратегиясын өзектендірдік. Осы кезеңде Банктің алдына келесі міндеттер қойылды: Қазақстандағы жетекші және тұрақты қаржы институттарының бірі ретіндегі тұғырын нығайту, қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту, трансшекаралық бизнеске қызмет көрсету көшбасшылығын сақтау, клиенттік базаны ұлғайту.

Технологиялар – біз инвестиция салатын басты бағыттардың бірі. Бұл жерде біз екі кеңістікте дамуды жөн көреміз. Біріншісі – өнімділікті арттыру. Екіншісі – жоғары технологияларды пайдалану арқылы жаңа өнімдерді енгізу. Біз өзіміздің өнімдерімізге онлайн-сервистер арқылы 24/7 форматында қолжетімділік жүйесін қалыптастырудамыз.

Кәсіби, нәтижеге бағдарланған, өршіл және жұмыс процесіне ден қойған, дарынды және тиімді қызметкерлер - Банктің негізгі капиталы болып табылады және сондай болып қала береді. Өз тарапынан Банк өз қызметкерлеріне барынша қолайлы жұмыс жағдайларын жасауға ұмтылады. Болашағынан үміт күттіретін мамандарды тарту және олардың әлеуетін ашуға бағытталған корпоративтік мәдениетті қалыптастыру – клиенттерге жоғары сапалы қызмет көрсетудің кепілі болып табылады.

Сбербанктің бүкіл ұжымына жөнге салынған және жемісті жұмысы үшін, ал клиенттеріміз бен серіктестерімізге бізге қолдау көрсетіп, шабыт бергендері үшін алғысымды білдіргім келеді!

Құрметпен,
«Жинақ Банкі» АҚ ЕБ
Басқармасының Төрағасы
Александр Камалов


V. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ корпоративтік басқарудың ұйымдастыру құрылымы



МИКРОЭЛЕКТРОНИКА

Микроэлектроника – бұл сипатты элементтердің бірнеше микрометрге жуық және одан төмен геометриялық өлшемдері бар электронды құрауыштарды зерттеумен және өндірумен байланысты электроника бөлімі.



Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
2. корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
4. Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
6. Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
7. орналастырылған бір түрдегі акцияны екінші түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, осылай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;
8. есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шыққан шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын анықтау;
10. Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
11. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
12. есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;
13. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
14. Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
15. Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы

активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Банктің қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16. акционерлерге Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
17. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акциялардың құнын оларды ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);
18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
19. акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
20. Директорлар кеңесінің қызметін және Банктің акционерлер жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
21. солар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Банк Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.

2017 жылы өткізілген Банк акционерлерінің жалпы жиналысы аясында төмендегі мәселелер қарастырылды:

1. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің 2016 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
2. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің 2016 жылғы таза табысын бөлу тәртібін және бір қарапайым акцияға дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
3. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің үндеулері және оларды қарастыру қорытындысы;
4. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-де 2017 жылы аудитті жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау туралы;
5. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің сандық құрамын өзгерту және өкілеттіктері мерзімін анықтау туралы;
6. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы;
7. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

2017 жылғы 28 сәуірде өткізілген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2016 жыл нәтижелері бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды.

31.12.2017 жылғы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретінен тұратын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылық ететін Банк органы.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар кіреді:

№	Аты-жөні	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дегі лауазымы	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары
1	Коломейский Игорь Борисович (ДК құрамына 28.04.2017ж. сайланды; 28.04.2017 ж. ДК Төрағасы болып сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Төрағасы	2017ж. сәуірден бастап – қазіргі уақытқа дейін - Сбербанк ЖАҚ Аға вице-президенті, «Sberbank International» Блогының басшысы
2	Авдеенко Наталья Николаевна (ДК құрамына 25.04.2014 ж. сайланды) (ДК мүшесі тегінің Н.Н. Лазаревадан Н.Н. Авдеенкоға өзгеруі)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	06.2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» Блогының басқарушы директоры
3	Анашкин Григорий Михайлович (ДК құрамына 24.04.2015 ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	07.2009 ж. бастап - Сбербанк ЖАҚ Қаржы департаменті директорының орынбасары Шетел банктері бойынша басқарушы директор; 2018 ж. бастап – Сбербанк ЖАҚ «Қаржы» Блогының Шетел банктері бойынша Аға басқарушы директоры
4	Аханов Серик Ахметжанович (ДК құрамына 11.10.2017ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	02.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «АТФБанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры; 14.05.2015 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры; 04.2016ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы, Кеңес мүшесі, Кеңестің Құрметті төрағасы. Еңбек сіңірген қаржыгер
5	Ашурков Алексей Анатольевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	02.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Сбербанк ЖАҚ «Тәуекелдер» Блогының АғаАҚ «Тәуекелдер» Блогы
6	Барчугов Павел Сергеевич (ДК құрамына 28.04.2017ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2013ж. бастап – Сбербанк ЖАҚ Аға вице-президенті, «Sberbank International» Блогының Аға Басқарушы директоры; 03.2018ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Сбербанк ЖАҚ Аға вице-президенті, «Sberbank International» Блогының Корпоративтік шешімдер және қызметтің тиімді қызмет басқармасының директоры
7	Звягинцев Денис Александрович (ДК құрамына 26.12.2007 ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	01.12.2004 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Российская государственная академия интеллектуальной собственности» ЖКБ ФМБМ «Қылмыстық құқық және үдеріс» кафедрасының меңгерушісі, «Запсибинтерстрой» ҚҚК ЖШҚ – директорлар кеңесінің төрағасы
8	Исенғалиев Бахытжан Изтлеуович (ДК құрамына 25.11.2011 ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	03.01.2008 ж. бастап 01.06.2016 ж. дейін - «ПетроКазахстан» АҚ вице-президенті
9	Камалов Александр Ильясович (ДК құрамына 14.11.2012 ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	19.09.2012 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы
10	Ситнов Владимир Вячеславович (ДК құрамына 28.04.2017ж. сайланды)	«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	2013ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Сбербанк ЖАҚ Самара қ. Поволжье банкінің Төрағасы

ЛАЗЕР

Әзірлеген сәттен бастап лазерлерді шешілетін міндеттерді өзі іздейтін құрылғы деп атаған. Лазерлер алуан түрлі облыстарда қолданылады – көздің көруін реттеуден көлік құралдарын жүргізуге дейін, ғарыштық ұшудан термоядролық синтезге дейін.

Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
2. Банк Жарғысының талаптарын сақтау арқылы Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін анықтау, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;
3. акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
4. орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
5. Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
6. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер бекіту;
7. Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды сатып алу туралы шешім қабылдау;
8. атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
10. ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
11. корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
12. қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, бағалаушының Банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі қызметтерінің мөлшерін анықтау;
13. Банктің Жарғысымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды бекіту, операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану жөніндегі құжаттарды, сонымен қатар, аукцион мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарды, басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
14. Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
15. басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау;
16. акциялардың Банкке тиесілі он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
17. меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;
18. қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
19. Банк мүдделі болатын ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
20. Банктің Бюджетін, бизнес-жоспарларын және бизнес-жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;
21. Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялардың және басқа мәмілелердің тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;
22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай (немесе ашық құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер нысанын анықтау;
23. Банктің бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
24. Мерзімділігі, мазмұны және ұсынылу тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталатын Банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау.
25. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Жарғымен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған басқа да мәселелер.

2017 жылы Банктің Директорлар кеңесінің 66 мәжілісі (ашық түрдегімен қатар сырттай түрдегісі) өткізілді.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің комитеттері және олардың функциялары

1. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеті - Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің стратегиялық мақсаттарын (Даму стратегиясын) тұжырымдау мәселелері бойынша, соның ішінде орта және ұзақ мерзімді перспективада Банк қызметінің тиімділігін арттыруға, Банктегі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерінің қызметіне мониторинг жүргізуге, ҚР заңнамасына сәйкес Банктің Директорлар кеңесіне анық және уақтылы басқарушылық есептілік пен ақпаратты ұсынуға, сонымен қатар Банктің кадрлар саясаты мен Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Банк Басқармасына, Корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу мәселелері бойынша Банктің басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік беретін іс-шараларды дайындау бойынша мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.
2. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері бойынша комитеті Банктің Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктері аясында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі және сыртқы аудит қызметін бақылау жүйелері жұмысының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлейді.
3. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер бойынша комитеті - Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесін қалыптастыру және әрекет етуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған.

ЖАСАНДЫ ПАРАСАТ

Ақылды машиналар алдауды,
кәсіпқойларды шахматтан жеңуді,
адамның дауысын аударуды және тануды
үйренді. Әр апта сайын біз компьютерлік
бағдарламалардың медициналық
диагносттарды қоя алатын, Рембрандтан
кем емес сурет салатын, ән айтатын
немесе мәтін құрастыра алатын көптеген
жаңа жетістіктерін біліп жатырмыз.
Адамның жасанды
парасаттан қауіптенуі
қажет пе?

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы

Камалов Александр Ильясович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасының Төрағасы

Тенизбаев Ельдар Амантаевич

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары

Акимов Алексей Владимирович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары

Тасқаранов Нурсултан Габдиль-Мажитович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары

Яманов Денис Александрович

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары

Климентьев Станислав Юрьевич

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары


Дивидендтер

Дивидендтер	Қарапайым акциялар саны	1 акцияны орналастыру құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгеде
2016 жылғы 31 желтоқсанда	12 839 114	4,011	51 500
2017 жылғы 31 желтоқсанда	12 839 114	4,011	51 500

Әр қарапайым акция бір дауыс беру құқығын және дивидендтер алу құқығын береді. Барлық акциялар теңгеде көрсетілген. 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін дивидендтер есептелмеді және төленбеді.

Басты басқару органы мүшелерінің 2017 ж. қаңтар – желтоқсан аралығындағы сыйақысы млн. теңге

Сыйақы және бонустар	2 618
----------------------	-------





ДРОН

Дрондар танымалдылығының алғашқы толқынының өтіп кеткеніне қарамастан, ірі технологиялық корпорациялар оларды әдеттегіден тыс мақсаттар үшін пайдалануды жалғастырып келеді. Мысалы, Amazon тауарларды дрондардың көмегімен жеткізуді сынап жүр, ал энтузиасттар тіпті адамдарды тасымалдауды үйренді. Дегенмен қарапайым пайдаланушылар да уақыттарын бос жұмсамайды және квадрокоптерлерді түсіру үшін де, жарысу үшін де сатып алады.

VI. БАСҚАРМАНЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ:

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы орны

Банктің 2017 жылдың нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштері*:

- Активтер деңгейі 1 747,1 млрд. теңге, нарықтық үлесі 6,5% (2016 ж. салыстырғанда +0,7)
- Несие портфелінің деңгейі 1 154,1 млрд. теңге, нарықтық үлесі 8,5% (2016 ж. салыстырғанда +2,2 тармақ);
- Салымдар деңгейі 1 292,4 млрд. теңге, нарықтық үлесі 7,7% (2016 ж. салыстырғанда + 1,0 тармақ);
- Таза пайда деңгейі 14,7 млрд. теңге (2016 ж. салыстырғанда +7,6 млрд).

*ҚР Ұлттық Банкінің деректері

ХҚЭС бойынша «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ қаржылық нәтижелерінің талдауы

ХҚЭС БОЙЫНША ПАЙДА ЖӘНЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Таза пайда 11,2 млрд. теңгені құрады;
- Таза пайыздық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға өсті және 77,1 млрд. теңгені құрады;
- Резервке дейінгі операциялық кіріс 6,3%-ға өсті және 110,8 млрд. теңгені құрады;
- Таза комиссиялық кіріс 6,3%-ға азайды және 20,2 млрд. теңгені құрады;

ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

2017 жылы пайыздық кірістер 8,1%-ға өсті және 2016 жылғы 139,3 млрд. теңгеге қарсы 150,6 млрд. теңгені құрады.

Пайыздық кірістер	2017		2016		Темп прироста	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Клиенттерге берілген кредиттер және аванстар	123 375	81,9%	111 834	80,3%	10,3%	11 541
Бағалы қағаздар, оның ішінде:	17 770	11,8%	15 454	11,1%	15,0%	2 316
сату үшін қолда бары	17 322	-	15 403	11,1%	12,5%	1 919
өтелгенге дейін ұсталынатыны	448	-	51	0,0%	778,4%	397
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7 363	4,9%	11 106	8,0%	-33,7%	-3 743
Басқа банктердегі қаражаттар	2 051	1,4%	857	0,6%	139,3%	1 194
Пайыздық кірістер жиыны	150 559	-	139 251	-	8,1%	11 308

Жұмыс істейтін активтердің орташа табыстылығы былтырғы жылмен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа артты және 11,4%-ға тең болды. Есептік кезең бойынша кредиттік портфель табыстылығы 12,8%-ды құрады

млн. теңге	2017			2016		
	Орташа қалдық	Пайыздық кірістер	Орташа кірістілік, %	Орташа қалдық	Пайыздық кірістер	Орташа кірістілік, %
Активтер						
Ақша қаражаты және олардың баламалары	108 386	7 363	6,8%	77 305	11 106	14,4%
Басқа банктердегі қаражаттар	9 841	2 051	20,8%	12 910	857	6,6%
Клиенттерге берілген кредиттер және аванстар	960 431	123 375	12,8%	962 585	111 834	11,6%
Бағалы қағаздар	239 453	17 770	7,4%	188 055	15 454	8,2%
Барлық жұмыс істеуші активтер	1 318 109	150 559	11,4%	1 240 854	139 251	11,2%

ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫНДАР

Пайыздық шығындар	2017		2016		Темп прироста	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	%	абс.
Корп.клиенттердің мерзімді депозиттері	19 737	26,9%	29 249	42,3%	-32,5%	-9 512
Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары	36 499	49,7%	25 717	37,2%	41,9%	10 782
Корп.клиенттер мен жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары	2 115	2,9%	1 779	2,6%	18,9%	336
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	9 768	13,3%	7 199	10,4%	35,7%	2 569
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	5 331	7,3%	5 237	7,6%	1,8%	94
Шығын %, барлығы	73 450	100,0%	69 181	100,0%	6,2%	4 269

2017 жылғы пайыздық шығындар 2016 жылмен салыстырғанда 6,2%-ға немесе 4,3 млрд. теңгеге ұлғайды және есеп берілген күні 73,5 млрд. теңгені құрады. Клиенттердің тартылған қаражаттары бойынша шыққан шығынының үлесі 79,4%-ды құрады, өткен жылмен салыстырғанда 2,6 тармақшаға төмендеді. Шығарылған облигациялар бойынша шығындар үлесі 7,3%-ды (2016 жылы 7,6%); Банк қаражаттары бойынша шығындар 2 569 теңгеге қысқарып, үлесі 13,3%-ды (2016 жылы 10,4%) құрады.

Есепті жыл үшін қорландыру құны кредиттік мекемелер қаражатының құнын ұлғайту есебінен 0,1%-ға ұлғайды

млн. теңге	2017			2016		
	Орташа қалдық	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдық	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %
Міндеттемелер						
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	151 956	9 768	6,4%	133 398	7 199	5,4%
Клиенттердің қаражаттары	1 309 236	58 351	4,5%	1 261 038	56 745	4,5%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	62 101	5 331	8,6%	69 592	5 237	7,5%
Барлық ақылы пассивтер	1 523 292	73 450	4,8%	1 464 027	69 181	4,7%

ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС

Банктің таза комиссиялық кірісі 6,3%-ға немесе 1,3 млрд. теңгеге өсті және 2018 жылғы 1 қаңтарда 20,2 млрд.теңгені құрады. Комиссиялық кірістің негізгі сомасы есеп айырысу-кассалық операциялар мен төлем карталарымен жүргізілген операциялар бойынша комиссиялардан тұрады.

млн.теңге	2017	2016	изменение, %	изменение, абс.
Комиссиялық кірістер	25 797	25 586	0,8%	211
Есеп айырысу операциялары	7 179	8 807	-18,5%	-1 628
Кассалық операциялар	4 385	3 621	21,1%	764
Шетел валютасымен операциялар	1 806	2 035	-11,3%	-229
Төлем карточкаларымен операциялар	7 224	4 725	52,9%	2 499
Берілген кепілдіктер	1 578	1 292	22,1%	286
Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша комиссиялар	1 656	3 978	-58,4%	-2 322
Басқасы	1 969	1 128	74,6%	841
Комиссиялық шығындар	-5 597	-4 039	38,6%	-1 558
Таза комиссиялық кіріс	20 200	21 547	-6,3%	-1 347

Өткен жылмен салыстырғанда 2017 жылы есеп айырысу-кассалық операциялар бойынша алынған комиссиялық кіріс 1,1 млрд. теңгеге, төлем карточкалары бойынша - 2,5 млрд. теңгеге өсті.

ПАЙЫЗСЫЗ КІРІС

млн.теңге	2017	2016	өзгеруі, %	өзгеруі, абс.
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындарды шегеріп тастағандағы кірістер	366	859	-57,4%	-493
Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша кірістер	13 436	11 723	14,6%	1 713
Басқа да кірістер	2 144	2 095	2,3%	49
Басқа да шығындар	- 2 411	- 2 060	17,0%	-351
Жиыны	13 535	12 617	7,3%	918

Банктің пайызсыз кірістері 7,3%-ға немесе 918 млн. теңгеге өсті. 2017 жылы туынды қаржы құралдары бойынша және шетел валютасымен операциялар бойынша кірістер 1,7 млрд. теңгеге артты.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

Банктің есеп беру кезеңіндегі операциялық шығындары 11,6%-ға немесе 4177 млн.теңгеге азайды және 2018 жылғы 1 қаңтарда 40,1 млрд. теңгені құрады.

- Қызметкерлерге + 2 098 млн. теңге (өткен жылмен салыстырғанда +10,7%).
- Әкімшілік-шаруашылық шығындарға + 626 млн. теңге (өткен жылмен салыстырғанда +6,9%).
- Негізгі құралдардың амортизациясы бойынша шығындарға + 943 млн. теңге немесе +25,5%.
- Салымдарды кепілді сақтандыру бойынша шығындарға + 515 млн. теңге немесе +өткен жылдың деңгейінің 21,3%-ы.

млн.теңге	2017	2016	өзгеруі, %	өзгеруі, абс.
Қызметкерлерге шыққан шығын	21 707	19 609	10,7%	2 098
Пайда салығынан басқа салықтар	1 013	1 018	-0,5%	-5
Әкімшілік-шаруашылық шығындар	9 757	9 131	6,9%	626
Негізгі құралдар амортизациясы	4 644	3 701	25,5%	943
Салымды кепілдендіріп сақтандыру	2 932	2 417	21,3%	515
Барлық операциялық шығындар	40 053	35 876	11,6%	4 177

Резервке дейінгі операциялық шығынның операциялық кіріске қатынасы есеп беру күні 32,3%-ды құрады.

32,3%
операциялық
шығындардың
операциялық
табысқа қатынасы

ХҚЕС БОЙЫНША «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ БАЛАНСЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТАЛДАУЫ АКТИВТЕР

2017 жылы Банк активтері 5,3%-ға немесе 856,9 млрд. теңгеге өсті, 01.01.2018 ж. 737 млрд. теңгені құрады.

01.01.2018 ж. кредиттік портфель 1 028,7 млрд. теңгені құрады, бір жылда 136,5 млрд. теңгеге немесе 15,3%-ға төмендеді. Банктің жиынтық активтеріндегі кредиттік портфельдің үлесі 59,2%-ды құрады.

Ақшалай қаражат пен олардың баламалары 12,1%-ға немесе 46,1 млрд. теңгеге өсті және 427,3 млрд. теңгені құрады. Есеп берілген күні активтердегі ақшалай қаражаттың үлесі 24,6%-ды құрады.

Банктің жиынтық активтеріндегі басқа банктердің қаражат үлесі өткен кезеңмен салыстырғанда 100%-ға өсіп, 13,1 млрд. теңгені құрады.

2017 жылғы бағалы қағаздар портфелі 23,2%-ға немесе 62,7 млрд. теңгеге қысқарған, 01.01.2018 ж. 208,1 млрд. теңгені құрады.

Банктің активтері бойынша нарықтық үлесі 2017 жылы 7,23%-ды құрап, Банк активтері рэнкингінде 4-ші орынды алды.

Активтер	2017		2016		Темп прироста	
	млн. теңге	үл.салм	млн. теңге	үл.салм	абс.	%
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	427 325	24,6%	381 183	23,1%	46 142	12,1%
Басқа банктердегі қаражат	13 120	0,8%	6 561	0,4%	6 559	100,0%
Туынды қаржы құралдары	17	0,0%	49 146	3,0%	-49 129	-
Клиенттерге берілген кредиттер және аванстар	1 028 676	59,2%	892 185	54,1%	136 491	15,3%
Инвестициялық бағалы қағаздар	208 066	12,0%	270 839	16,4%	-62 773	-23,2%
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	377	0,0%	1 725	0,1%	-1 348	-78,1%
Негізгі қаражат	32 062	1,8%	30 809	1,9%	1 253	4,1%
Материалдық емес активтер	15 905	0,9%	11 681	0,7%	4 224	36,2%
Басқа активтер	11 785	0,7%	6 276	0,4%	5 509	87,8%
Барлық активтер	1 737 333		1 650 405		86 928	5,27%

ӨТІМДІ АКТИВТЕР

Есеп беру күнгі өтімді активтердің көлемі 648,5 млрд. теңгені құрады, ол Банктің жиынтық активтерінің 37,3 %-ын құрайды.

КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР

	2017		2016		Өсу қарқыны	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
ЗТ кредиттері	874 461	74%	786 854	79%	87 607	11%
ЖТ кредиттері	308 920	26%	213 134	21%	95 786	45%
Барлық кредиттік портфель, брутто	1 183 381		999 988		183 393	18,34%
Кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв	-154 705		-107 803		-46 902	43,51%
Барлық кредиттік портфель, нетто	1 028 676		892 185		136 491	15,30%

Өткен жылы кредиттік портфель бруттосы 183,4 млрд. теңгеге немесе 18,3%-ға төмендеді, соның ішінде:

- заңды тұлғалардың кредиттік портфелі 11%-ға немесе 87,6 млрд. теңгеге төмендеді;
- заңды тұлғалардың кредиттік портфелі 45%-ға немесе 95,8 млрд. теңгеге төмендеді;

2017 жыл ішінде кредиттеудің негізгі секторлары болғандар:

	2017		2016		Өсімі млн. теңге
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	
Тұтынушылық, ипотекалық кредиттер және жеке тұлғаларды автокредиттеу	308 114	26,0%	212 251	21,2%	95 863
Сауда	237 711	20,1%	141 162	14,1%	96 549
Өндіріс	187 735	15,9%	185 253	18,5%	2 482
Қызметтер	136 305	11,5%	45 953	4,6%	90 352
Көлік	83 134	7,0%	76 445	7,6%	6 689
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	81 798	6,9%	65 104	6,5%	16 694
Отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру	88 956	7,5%	148 832	14,9%	-59 876
Құрылыс	33 330	2,8%	53 895	5,4%	-20 565
Ауыл шаруашылығы	20 606	1,7%	66 554	6,7%	-45 948
Тағы басқалар	5 692	0,5%	4 539	0,5%	1 153
Жиыны: кредиттік портфель	1 183 381		999 988		183 393

Банктің кредиттік портфелінің мөлшері бойынша нарықтық үлесі 2017 жылы 8,5%-ды құрады. Банктің кредиттік портфелі бойынша рэнкингте 4-ші орынды алады.

Өткен жыл бойынша брутто кредиттік портфелі өсті.

18,3%
183,4
млрд. теңге

8,5%

Банктің 2017 жылдағы несиелік қоржынының өлшемі бойынша нарықтық үлесі

**4
орын**

Несиелік қоржын бойынша рэнкингте

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылы Банк міндеттемелері 4,8%-ға немесе 71,8 млрд. теңгеге ұлғайды. Негізгі өсу қоры – жеке тұлғалардың депозиттік портфелі.

	2017		2016		Темп прироста	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
Кредиттік мекемелердің қаражаттары	156 199	9,9%	147 713	9,8%	8 486	5,7%
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	627 561	39,9%	623 237	41,5%	4 324	0,7%
Жеке тұлғалардың қаражаттары	720 113	45,8%	647 560	43,1%	72 553	11,2%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	54 397	3,5%	69 804	4,6%	-15 407	-22,1%
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	7 077	0,4%	6 476	0,4%	601	9,3%
Басқа міндеттемелер	7 919	0,5%	6 627	0,4%	1 292	19,5%
Барлық міндеттемелер	1 573 266		1 501 417		71 849	4,8%

2017 жылы кредиттік мекемелердегі қаражаттар 5,7%-ға немесе 8,5 млрд. теңгеге ұлғайып, 156,2 млрд. теңгені құрады. Бір жылда заңды тұлғалар қаражаты елеусіз (+0,7%-ға) немесе 4,3 млрд. теңгеге қысқарса, жеке тұлғалар қаражаты 11,2%-ға немесе 72,6 млрд. теңгеге өсті. Керісінше, шығарылған борыштық бағалы қағаздар портфелі – 22,1%-ға немесе 15,4 млрд. теңгеге төмендеді.

2017 жыл бойынша банк міндеттемелері ұлғайды



КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТТАРЫ

Клиенттердің қаражаттары міндеттемелер көлемінің 85,7% құрайтын үлес салмағымен банктің негізгі қор көздері болып табылады.

	2017		2016		Прирост за 2017г.	
	млн. теңге	үл.салм.	млн. теңге	үл.салм.	абс.	%
Корпоративтік клиенттер						
Ағымдағы шоттар	274 054	43,7%	252 105	40,5%	21 949	8,7%
Мерзімді депозиттер	353 507	56,3%	371 132	59,5%	-17 625	-4,7%
Корпоративтік клиенттердің қаражаттары	627 561	46,6%	623 237	49,0%	4 324	0,7%
Жеке тұлғалар						
Ағымдағы шоттар	94 593	13,1%	75 954	11,7%	18 639	24,5%
Мерзімді салымдар	625 520	86,9%	571 606	88,3%	53 914	9,4%
Жеке тұлғалардың қаражаттары	720 113	53,4%	647 560	51,0%	72 553	11,2%
Клиенттердің қаражаттары	1 347 674		1 270 797		76 877	6,0%


01.01.2018 ж. клиенттердің қаражаттары 1 347,7 млрд. теңгені құрады, 6,0%-ға немесе 76,9 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

- корпоративтік клиенттердің қаражаттары бойынша – 0,7%-ға немесе 4,3 млрд. теңгеге;
- жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша – 11,2%-ға немесе 72,6 млрд. теңгеге.

2017 жыл бойынша Клиенттердің қаражаттары ұлғайды



Корпоративтік клиенттерді экономика салалары бойынша тарту төмендегідей сипатталады:



Жеке тұлғалар салымдарының айтарлықтай өсуі бөлшек секторға мақсатты түрде бағытталу саясатын ұстану арқылы, сонымен қатар, Банк клиенттеріне қызмет көрсету сапасы арқылы қамтамасыз етілген.

Клиенттік ресурстар нарығындағы Банктің үлесі корпоративтік клиенттер бойынша 5,6%-дан 7,0%-ға дейін ұлғайса, жеке тұлғалардың қаражаттары бойынша 7,9%-дан 8,5%-ға дейін ұлғайды.



ҮЛКЕН АДРОНДЫ КОЛЛАЙДЕР

Көптеген адамдар үлкен адронды коллайдер - бұл атомдарды соқтығыстыру үшін арналған үлкен машина екендігін біледі. Ол француз-швейцариялық шекараны кесіп өтеді, және оның құнының қымбат болғаны соншалық, тіпті оны салу үшін оннан астам үкіметтік үкіметтік емес органдар ақша қосуға мәжбүр болды. Бүкіл жоба жүздеген елдердің ғалымдарымен, Еуропалық ядролық сынақтар агенттігі CERN басшылығымен жүргізіледі.

ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

31.12.2017 ж. жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздар жылдық 6,25%-9,7% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен және 2018-2020 ж.ж. өтеу мерзімімен теңгеге ірілендіріп реттелген ҚҚБ облигацияларының бес эмиссиясымен берілді.

2017 жылы Банк ТХВ№7 купондық облигациялардың және ТХВ№4 субординациялық купондық облигациялардың жоспарлы өтелуін жүзеге асырды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда шығарылған облигациялардың баланстық құны 53,6 млрд. теңгені, 2016 жылғы 31 желтоқсанда 68,7 млрд. теңгені құрады.

ЖЕТКІЛІКТІ МЕНШІК КАПИТАЛ

	2018 ж. 1 қаңтар млн. теңге	2017ж. 1 қаңтар млн. теңге	Өсу қарқыны	
			абс.	%
Жарғылық капитал	51 500	51 500	0	0,00%
Бөлінбеген пайда	70 645	55 932	14 713	26,3%
Басқасы	38 798	46 205	-7 408	-16,03%
Барлық капитал	160 943	153 637	7 306	4,76%

2017 жылы меншікті капитал 4,76% -ға немесе 7,3 млрд. теңгеге, оның ішінде Банктің таза пайдасы есебінен 14,7 млрд. теңгеге ұлғайды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған 12 838 826 акция (99,99%) Бас компанияға тиесілі.

ҚР ҰБ реттеу органының талаптарына сәйкес есептелген жеткілікті капитал коэффициенті талап етілген ең төменгі деңгейден асады. 2017 жылы Банк жеткілікті меншікті капиталдың нормативтеріне қатысты орнатылған барлық талаптарды сақтады.

	Реттеу нормативтері	2018 жылғы 1 қаңтар	2017 жылғы 1 қаңтар
k1-1 жеткілікті капитал коэффициенті	min 7,0%	12,0%	11,5%
k1-2 жеткілікті капитал коэффициенті	min 8,5%	12,0%	11,5%
k2 жеткілікті капитал коэффициенті	min 10,0%	12,8%	13,0%

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

Банк экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында банк қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға маңызды мән береді.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі міндеттері: Банк тәуекелдерін анықтау, топтастыру, бағалау мен тәуекелдерді басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану, тәуекелдің рұқсат етілген деңгейіне лимиттер белгілеу, Банк жүргізетін операцияларға байланысты тәуекелдерді төмендету және бақылауға мониторинг жүргізу және шара қабылдау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген тәуекелдерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады.

Қазіргі таңда «Жинақ банкі» АҚ ЕБ тәуекелдерді бақылау аясында Сбербанк тобының біріктіру үдерістеріне қатысуда, тәуекел-менеджмент саласындағы жобалар белсенді түрде енгізілуде.

Банк өзіне тәуекелдердің төмендегі түрлерін маңызды деп анықтады: кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелі және операциялық тәуекел.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекелді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, Банктің тәуекелдерді басқару саясатымен, сонымен қатар, кредиттік тәуекелді реттеуші ішкі нормативтік құжаттармен анықталады. Банк жүргізетін заемдық операцияларға байланысты кредиттік тәуекелдерді бағалауға және талдауға тәуелсіз тәсіл қолдану тәуекелдерді басқару негізіне алынған. Кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында, Банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:

- Заемшыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- Лимит белгілеу арқылы кредиттік тәуекелді шектеу;
- Кредиттік портфель динамикасы мен сапасын талдау, кредиттік портфель тәуекелдерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциалды нормативтер мен бастапқы мәннің сақталуына мониторинг;
- Заемшының, кепіл мүлкінің қаржылық жағдайына тұрақты негізде мониторинг жүргізу

Банк экономика өсуінің бәсеңдеу жағдайында банк қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға ерекше мән береді.

Кредиттік портфельдің валюталар бойынша құрылымы.

Валюталар тұрғысындағы кредиттік портфельдің құрылымы 2017 жылы едәуір өзгерді. Валюталар тұрғысындағы әртараптандыру деңгейі лайықты деп бағаланады, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік портфельдегі ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген заемдарға (72,7%) тиесілі. 2017 жылы АҚШ долларында берілген заемдар 10 т.ш. өсті және Банктің жалпы кредиттік портфелінің 24,3%-ын құрады.

Валюта атауы	2017 жылғы 1 қаңтарда	Портфель сомасынан %	2018 жылғы 1 қаңтарда	Портфель сомасынан %	Жылда өсуі
Теңге	624 161	64,2%	838 705	72,7%	34 %
АҚШ доллары	312 362	32,1%	280 497	24,3%	-10 %
Еуро	25 120	2,6%	24 619	2,1%	-2 %
Ресейлік рубль	10 225	1,1%	10 320	0,9%	1 %
Барлық кредиттер	971 867		1 154 142		19 %

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ САПАСЫ

2017 жылдың қорытындысы бойынша кредиттік тәуекел деңгейі айтарлықтай өзгермеген және реттеушілік талаптар аясында орналасқан. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар үлесінің көрсеткіші 2018 жылғы 1 қаңтарда 6,1%-ды құрады. (01.01.2017 ж. – 9,2%).

Банктің кредиттік портфелі бойынша ХҚЕС қалыптастырылған провизиялары бір жыл ішінде 10%-дан 13%-ға өсті. 90+ мерзімі кешіктірілген заемдарды резервпен жабу деңгейі - 220%.

72,2%

2017 жылы ұлттық валютамен берілген қарыздардың үлесі

HOVERSURF

Ұшатын мотоцикл өзіне ең үздік технологияларды қамтыған және заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға болатын электрлік мультикоптерлер мүмкіндіктерінің шегіне жақындады. Мұндай көлік құралдарының негізгі қиындықтары – қолжетімді аккумуляторлар қуатының кішкентай үлестік тығыздығынан болатын ұшудың қысқа уақыты.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруіне байланысты баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Банкте тәуекелдерді басқарудың стратегиялық үдерісінің негізгі бөлігі ретінде қаржы нарығындағы операциялардың нарықтық тәуекелін басқару мақсаты – Базель келісімі мен Қазақстан Республикасының заңнамасы қағидаларына негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін құру.

Нарықтық тәуекел аясында Банк валюталық, пайыздық және баға тәуекелдерін бөліп қарастырады.

Валюталық тәуекел – банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны.

Банк шетел валюталарындағы ашық позициялардың болуына және нарықтық бағамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты валюталық тәуекелге бейім келеді. Лимиттер мен шектеулер жүйесі аясында Банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. орнатады. Валюталық тәуекелді басқару үшін Банк тәуекелді сәйкестендіру, бағалау және лимиттеу үдерісін, сонымен қатар оның одан арғы мониторингі мен бақылауын жүзеге асырады. Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық тәуекел деңгейі төмен деп бағаланады.

Пайыздық тәуекел – активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Пайыздық тәуекелді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық конъюнктурасындағы өзгерістер динамикасын

талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеме деңгейінің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді балансқа келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гәпке лимиттер белгілеу.

Баға тәуекелі – қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның пайда болу мүмкіндігі.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады, олардың эмитентінің рейтингі «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе шетелдік эмитенттер үшін «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша), сонымен қатар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің БҚ үшін «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша).

Нарықтық тәуекел деңгейін бақылау мақсаттары үшін Банк VaR, DV01 сияқты тәуекел-метриктерге мониторинг және бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б.. VaR мүмкіндік деңгейі берілген уақыттың белгілі бір мерзімі ішіндегі күтілетін қаржылық шығындардың максималды көлемін бағалауға мүмкіндік береді. DV01 кірістің 1 базистік пунктке өзгеруі салдарынан болатын құн өзгерісінің орташа шамасын анықтайды. Стресс-тестілеуге ерекше, бірақ банктің қаржылық жағдайына мүмкін болатын оқиғаларға әлеуетті ықпал етудің бағалауы ретінде анықтама беруге болады.

Нарықтық тәуекелді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Операциялық тәуекелді басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына, банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады және операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес анықталады.

Операциялық тәуекелдерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты тәуекелдердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Банкте қызметтің кез келген бағытының операциялық тәуекелге ұшырау мүмкіндігіне байланысты операциялық тәуекелді басқару жүйесіне Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық тәуекелді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

Операциялық тәуекелді тиімді басқару және операциялық тәуекел шамасын есептеу мақсатында Банк операциялық тәуекелді басқарудың келесі элементтерін пайдаланады: операциялық тәуекел инциденттері туралы ішкі мәліметтерді жинау, операциялық тәуекел инциденттері туралы сыртқы мәліметтерді жинау, операциялық тәуекелдер бойынша өзін-өзі бағалау, кілтті тәуекел индикаторлары мен бақылау индикаторларына мониторинг жүргізу, тәуекелдердің сценарийлік сараптамасы мен картаға түсіру. Операциялық тәуекелдерді тұтас әрі бәрін қамтитындай басқарылуын қамтамасыз ету үшін операциялық тәуекелдерді басқару элементтері жалпы және өзара байланыста қолданылады.

Банк операциялық тәуекелге үнемі мониторинг өткізу мақсатында тәуекелдерді басқару үдерістеріне қатысатын Банк басшылығы мен алқалы органдары үшін есеп беру жүйесін пайдаланады.

2018 жылдың 1 қаңтарында операциялық тәуекел деңгейі (Банктің шығындарындағы іске асырылған операциялық тәуекелдердің шығындарын жабуға кеткен шығындар үлесі) 0,0005%-ды құрады. Осылайша, операциялық тәуекел деңгейі қабылданарлық деп бағаланады және Банк үшін белгіленген шегінде.

ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Банктің үздіксіз қызметі қағидасының орындалуы, яғни Банктің өз қызметін үздіксіз жүргізу және ұлғайту үшін қаражат тарту қажеттілігіне қарай қабілеттілігін қамтамасыз ету өтімділікті басқарудың негізгі міндеті болып табылады. Банктің қажетті қорды тартуы үшін қолданатын стратегиясы оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, яғни аталған стратегияға тиесілі тәуекелдер өтімділікті басқаруға ықпал етеді.

2017 жыл бойы Банк реттеуші деңгейге дейінгі жеткілікті қормен өтімділік коэффициенттерінің нормативтері бойынша ішкі және реттеуші талаптарды ұлттық валютаның еркін құбылмалы валюта бағамына ауысуына, сонымен қатар нарықтағы жоғары бағамдарға байланысты жыл басындағы банк жүйесіндегі теңге өтімділігіне қатысты ауыр жағдайға қарамастан сақтады. 2017 жылдың ортасынан бастап Банк банкішілік нарықта орналастырған еркін өтімділік (кері РЕПО, ҚР ҰБ ноттары, депозиттер және т.б.) байқалады.

Банк ҚРҰБ-мен СВОП мәміле және РЕПО есебінен ұлттық валютадағы өтімділік ұстанымын реттейді.


Өтімділік коэфф.	Норм.	Қаңт.	Ақп.	Наур.	Сәу.	Мам.	Маус.	Шіл.	Там.	Қырк.	Қаз.	Қар.	Жел.
K4	min 0.3	2.08	2.14	1.96	1.68	1.54	1.58	1.25	1.52	1.33	1.35	1.42	1.33
K4-1	min 1.0	7.74	6.36	7.79	34.09	23.70	34.55	28.80	23.54	20.07	23.89	40.42	26.40
K4-2	min 0.9	5.65	4.84	6.34	11.38	14.11	15.19	16.39	13.51	10.86	13.21	17.00	10.93
K4-3	min 0.8	3.23	3.17	4.36	6.75	7.25	7.79	7.49	5.71	5.47	5.86	5.50	5.07

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР ТАЛДАМАСЫ

2017 ЖЫЛЫ БОЛҒАН МАКРО ЖӘНЕ МИКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан экономикасы үшін 2017 жыл экономикалық өсудің динамикасын 2015-2016 жж. стагнациядан кейін белсенді қалпына келтіру кезеңі болды. Қолайлы сыртқы факторлар, (Қазақстан экспорттайтын тауарлардың бағасы мен сұранысының өсуі), төмен базаның әсері және мемлекеттік ынталандыру елдегі макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыруға және маңызды түрде жақсартуға мүмкіндік берді.

2017 жылғы шынайы ЖІӨ динамикасы



- ЖІӨ физикалық көлемінің динамикасы 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда едәуір жылдамдады (2015 жылғы +1,2%-ға қарсы жылдық өсім +4,0%). Нақты ЖІӨ-нің өсуіне зор үлесті өнеркәсіп (1,9 т.ш.) пен сауда (0,5 т.ш.) қосты, олардың ЖІӨ-нің құрылымындағы ортақ үлесі 43,0%. Сондай-ақ, Қазақстан экономикасына ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс қолдау көрсетті;
- Өнеркәсіптік өндірістің (2017 жылы +7,1%) жоғары қарқыны отын-минералдық ресурстардың экспорттық бағасының қалпына келтірілуі жағдайындағы шикі мұнай өндірісінің өсуімен (+10,5%), сондай-ақ металлургия өнімі өндірісінің өсуімен (+5,9%) қамтамасыз етілген;
- Бөлшек сауданың динамикасы ұлттық валюта бағамын тұрақтандыру, инфляция қарқынын төмендету және банктердің халықты белсенді тұтынушылық кредиттеуін жаңғырту есебінен тұрақты өсімге (2017 жылы +6,3%) қайта оралды. Бұл жағдайда халықтың нақты ақшалай кірісі 2017 жылы 0,9%-ға қысқарды, ол тұтынушылық сұранысқан біраз қысым көрсетуді жалғастыруда.
- Нарықтың сыртқы конъюнктурасын жақсарту (Қазақстанмен экспортталатын тауарлардың әлемдік бағасының және сыртқы сұраныстың өсуі) және тұтынудың қалпына келуі сыртқы сауда көлемдерінің жылдам өсуіне ықпал етеді. 2017 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 25,0%-ға ұлғайды, осы ретте экспорт 31,6%-ға, ал импорт – 15,5%-ға өсті. Сауда балансының оң сальдосы 67,6%-ға өсті.

ФАРМАКОЛОГИЯ

Фармакологиялық зерттеулер облысы өте кең және фармациямен тығыз байланысты, ол заттардың биологиялық жүйелерге – жеке жасушалардан бастап бүтін ағзаға дейін әсер етуін зерттейді. Фармакологияның келешегіне қарасақ, оның тәжірибелік медицина үшін мәнін бағалау мүмкін емес. Жоғары тиімді дәрі-дәрмектердің алуан зор сұрыпталымын жасаудың нәтижесінде көптеген ауруларды емдеу мүмкіндігі туды.

БАНК СЕКТОРЫ

2017 жыл Қазақстанның банктік секторы үшін қосылулар және үмітсіз кредиттермен жұмыс жүргізу арқылы жүргізілді. Сектордың кредиттік портфельдерін тазарту бойынша жұмыстарды жандандыру үшін ҚР Ұлттық Банкімен Банктік сектордың қаржылық тұрақтылығы бойынша бағдарлама іске қосылды, оған меншікті капиталдың белгіленген көлемі бар банктер қатысты. Сектордың экономикаға кредиттерді ұсынуы ішкі және сыртқы факторлармен шектелді, және олар кредиттерді ұсыну бойынша банк мүмкіндіктеріне жағымсыз ықпал етуді жалғастырып отыр.


Банктік сектордың трансформациялануына және айқын емес сыртқы конъюнктураға байланысты, 2017 жылдың басында Банктің кредиттік белсенділігі осал болды, 2017 жылдың екінші тоқсанының аяқталуы бойынша Банк экономикасын кредиттеу оң аймаққа кірді, және 2017 жылдың қорытындысы бойынша 2016 жылмен салыстырғанда 18,8%-ды құрады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ несиелік портфельінің динамикасы, млрд. теңге



18,8%
Банктің 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылдың қорытындылары бойынша экономиканы несиелеуі


2017 ж. ішінде нарықтағы ТОП10 ЕДБ несиелік портфельіндегі үлесінің өзгеруі




«Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дағы ЖТ мен ЗТ салымдарының 2017 жыл бойынша жиынтық көлемі 12%-ға ұлғайды. 2016 ж. салыстырғанда ЗТ-ның салымдар көлемі 12,5%-ға, ЖТ салымдары – 11,4%-ға ұлғайды.

Заңды және жеке тұлғалар салымдарының өсімі клиенттердің Банкке деген сенімімен байланысқан.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ тартылған қаражаттарының динамикасы, млрд. теңге



01.01.2017ж. және 01.01.2018ж. жағдай бойынша ЕДБ ТОП10 депозиттері нарығындағы үлесінің өзгеруі



ЗТ мен ЖТ жиынтық салымдары көлемінің өсуі нәтижесінде 2017 жылы клиенттердің салымдары бойынша нарықтағы Банк үлесі 1,3% -ға ұлғайды.


Несие портфелі және клиенттердің салымдар көлемі бойынша Банк Қазақстандағы ірі шетелдік банк болып табылады.

2017 жылы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қазақстан экономикасының негізгі салаларын белсенді кредиттеуді жалғастырды. Кредиттік портфельдің құрылымы кредиттеудің жалпы нарықтық құрылымы аясында қалыптасты, бұл жағдайда өнеркәсіпті, сауданы, құрылысты және көлікті кредиттеуге баса назар аударылып отыр. Нақты секторды кредиттеу Қазақстан экономикасының дамуына қолдау көрсету бойынша Сбербанк саясатының бір бөлігі болып табылады.

1,3%

Клиенттердің салымдары бойынша 2017 жылдағы Банктің нарықтағы үлесінің өсуі

2017 ж. қорытындысы бойынша «Жинақ банкі» АҚ ЕБ және екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) несиелік портфелінің салалық құрылымы



Экономика салаларын кредиттеу басымдылығын анықтау кезіндегі негізгі факторлар:

- Өнеркәсіптік және құрылыс секторларымен жұмыс аталмыш салалардағы кәсіпорындардың Сбербанк қызметіне деген сенімін дәлелдейді, сонымен қатар қалыптастырылған серіктестік қарым-қатынас арқасында тұрақты ақшалай ағынды ұзақ мерзімді перспективада түрлендіруге мүмкіндік береді.
- Өнеркәсіптік секторды дамыту аясында экономиканы индустрияландыру мен дамытудың басым бағдарламаларына кіретін өңдеу өнеркәсібі салаларын кредиттеуге айрықша көңіл бөлінеді. Өңдеу өнеркәсібінің салаларын кредиттеу ағымдағы экономикалық және тұтынушылық тенденцияларды қамтиды: отандық тамақ өнімдерін тұтыну өсімі, құрылыстың сақталған жоғарғы қарқынына байланысты құрылыс және қаптайтын материалдарға деген сұраныс, металлургиялық өнеркәсіп өнімдеріне деген сыртқы сұраныс.
- Ауыл шаруашылығы, дәстүрлі түрде, сонымен қатар ТМД аясындағы орын алған иелік тәжірибесіне байланысты, ақшалай қаражатты орналастырудың ең тәуекелді бағыттарының бірі болып табылады. Осыларға байланысты Банк аталмыш салаларға салымдарын шектейді. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама іске қосылмайынша, Банк үшін аталмыш сектор инвестициялық тартымдылығы төмен, тәуекелі жоғары сегмент болып қала бермек.
- Тұтынушылық сұранысты қалпына келтіру Банктің жалпы салалық портфеліндегі сауда секторы үлесінің ұлғаюына (2016 ж. қорытындысы бойынша 21,8% -дан бастап 2017 ж. 26,6% -ға дейін) алып келді. Ұлттық валюта бағамын және инфляция деңгейін тұрақтандыру сауданы кредиттеу өсімінің болашақ тұрақты динамикасы үшін қолайлы жағдай жасайды.
- Банк үшін маңызды басымдылыққа көлік бағытындағы жұмыс жатуы мүмкін. Шикізат тауарлары бағасының тұрақтандырылуы және қазақстандық экспорт өніміне сұраныстың ақырындап артуы экономиканың осы сегментінің кредиттелуін жандандыруға ықпал етеді.

Мұндай тәсіл ЕДБ нарығындағы Сбербанктің жағдайын нығайтуға, сонымен қатар қаржылық нарық пен экономиканың нақты секторының өзара әрекеттесуінің синергетикалық потенциалын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

БИОНИКАЛЫҚ ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАР

Көздері нашар көрушілерге көмек көрсетуден бастап бейнеойындар индустриясына дейін көп қолданысқа ие болуы мүмкін жобаланатын, виртуалды дисплей. Құрылғы бионикалық технологиялардың қосылыстары бар қалыпты жанаспалы линза сияқты болады. Линзалар виртуалды дисплейді жасау үшін функционалды электронды сұлбаларды және инфрақызыл сәулені пайдаланатын болады.

2017 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

2017 жылы Банк еліміздің экономикасын 822,7 млрд. теңге мөлшерінде қаржыландырды.

«Бизнестің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 427,7 млрд. теңгені құрайтын 1556 жоба мақұлданды.

2017 жылы белсенді корпоративтік клиенттердің саны 16,4% -ға артып, 38 мыңнан астам компанияны құрады.

Банк қашықтықтан қызмет көрсету арналарын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. 2017 жылдың нәтижелері бойынша заңды тұлғалардың интернет-офис жүйесі арқылы жүзеге асырған төлемдерінің саны жалпы төлемдер санының 97% -ын құрады.

2017 жылдың маңызды оқиғалары

Қаржыландыру:

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ – ірі шетелдік институционалдық инвестор. Қазақстан Республикасындағы шетелдік ЕДБ арасында Сбербанк қаржыландыру көлемі бойынша бірінші болып табылады. Бас банктің қолдауы және Сбербанк тобының синергиясы кейінгі 5 жылда да шетел банктері арасындағы көшбасшылық позициясы сақталады деп айтуға мүмкіндік береді.

«Қазақмыс корпорациясы», «Қазақалтын ТМК» АҚ, «Прима дистрибьюшн» ЖШС, «Полимер Продакшн» ЖШС және «Маслодел» ЖШС сияқты Қазақстанның маңызды компаниялары қаржыландырылды.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ және «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы инвестициялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімді жасады. Осы Келісім аясында Kazakh Invest-тен инвестициялық жобалар Сбербанкпен қаржыландыруға арналған ықтимал бағыттар түрінде қарастырылатын болады.

«БЖК 2020» бағдарламасы аясында Қостанай қаласында қарақұмық жармасын елеу бойынша зауыт құрылысын, ОҚО-да жеміс-көкөніс сақтау қоймасын салуды қаржыландыру жүзеге асырылады, Қызылордада шыныпластикалық құбырлар зауыты пайдалануға енгізілді, Алматыда мамандықтардың балаларға арналған интерактивті қаласы іске қосылды.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ «Белорус техникасын сатып алуға кәсіпкерлерді жеңілдікті кредиттеу бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша Беларусь Республикасы Үкіметінің жалғыз серіктесі болды. Бағдарламаның міндеті - ЕАЭҚ елдері арасындағы өзара сауданы ынталандыру. Банк БелАз маркалы, жүк көтергіштігі 130 тоннаны құрайтын төрт самосвалды сатып алуға «Богатырь Комир» ЖШС қаржыландырды. Қаржыландырудың жалпы сомасы - 577 миллион теңге.

Қазіргі техникасын сатып алу үшін кәсіпкерлерге жеңілдікті кредит беру бағдарламасы» іске қосылды:

- Корпоративтік кредиттеу – заемшының ағымдағы қызметіне, сонымен қатар, бизнесін ұлғайтуға және жетілдіруге қаржы беру, 3 жылға дейінгі мерзімде заемды өтеу ағымдағы қызметінің ағысы есебінен жүргізіледі.
- Овердрафттық кредиттеу – ағымдағы қызметті жүзеге асыру мақсатында, заемшының шотында қаржы уақытша болмаған жағдайда, оның шұғыл төлемдерін жүзеге асыру үшін қаржыландыру, заемды өтеу 12 айға дейінгі мерзіммен ағымдағы қызметтен түсетін ақша ағымы есебінен жүзеге асырылады.
- Келісімшарттық кредиттеу – заемшының ағымдағы қызметі аясындағы келісімшарттар бойынша шығынын 3 жылға дейінгі мерзімге осы келісімшарттар орындалу барысында түсетін ақша қаражатының қамтамасыз етуімен қаржыландыру. Өнім екі бағыт бойынша бөлінеді – сауданы және жұмыс/қызмет саласын қаржыландыру.
- Ақшаның кепілсалымына кредит беру – заемшының қызметі мақсаттарына ақшалай қаражат (ағымдағы немесе жинақ шоттарында орналастырылған) кепілсалымымен 3 жылға дейінгі мерзімге заемшыларға қаржы беру.
- Жобалық қаржыландыру – заемшының инвестициялық жобалары аясында қаржыландыру, заемды өтеу 10 жылға дейінгі мерзімде қаржыландырылған жобадан түрлендірілетін ағындар есебінен жүргізіледі.
- Құрылыс жобаларын қаржыландыру. Өнім екі бағытқа бөлінеді – тұрғын жылжымайтын мүлік құрылысын қаржыландыру және коммерциялық жылжымайтын мүлік құрылысы. Қаржыландыру талаптары мен заемшыға қойылатын талаптар құрылыс саласына қатысты заңнама ерекшеліктерін және бар салалық ерекшеліктерді есепке алумен құрылған.
- Кредиттік желілер аясында кез келген мақсаттарға, соның ішінде конкурстарға/тендерлерге қатысуға арналған корпоративтік клиенттердің банктік кепілдіктері, шарттар бойынша міндеттемелерді орындау, аванстық төлемді қайтару және т.б.

2017 ж. сауданы қаржыландыру операцияларын әрі қарай дамытуға арналған бірқатар қадамдар қабылданды, атап айтқанда:

- қысқа мерзім ішінде және құжаттардың ең аз пакетімен тендерлік бланктік кепілдіктерді шығарудың қарапайым тәртібі енгізілді;
- міндеттемелерді орындаудың және келісімшарт бойынша (тауарларды жеткізудің) кредиттік желі аясында сауда саласындағы қызметті жүзеге асыратын корпоративтік клиенттерге банктік кепілдіктерін ұсынудың қарапайым талаптары бекітілді;
- міндеттемелерді орындаудың және келісімшарт бойынша (тауарларды жеткізудің) жұмыстар (соның ішінде құрылыс саласындағы) мен қызметтерді орындайтын корпоративтік клиенттерге аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдіктерін ұсыну талаптары бекітілді;
- «Овердрафт» для корпоративтік клиенттерге арналған «Овердрафт» өнімінің талаптарына (бірыңғай кредиттік процесс аясында) сауда компанияларына арналған инкассацияланатын түсімнің 80% -ын таза кредиттік айналым мөлшерінде есепке алу тұрғысында өзгертулер енгізілді.

Сбербанктің ЗТ несие портфелінің салалық құрылымы Қазақстан Республикасының ЖІӨ-нің салалық құрылымына сәйкес келеді. Таңдалған жобалардың сапасы салалық тәуекелдерді тежеуге мүмкіндік береді. Сбербанк Сауда саласының көлемін оның аса үлкен үлесіне байланысты азайту арқылы және әлеуетті проблемалық Құрылыс және Ауыл шаруашылығы салалары көлемін азайту арқылы несиелік портфельді әртараптандырады. 2017 ж. Құрылыс саласын несие берешегін қысқарту 2 т.ш. құрады. Несие портфелінің 25% -ы Өңдеуші өнеркәсібіне тиесілі.

2018 ж. негізгі басым салаларға келесілер жатады: Өңдеуші өнеркәсіп, Көлік және байланыс, Энергетика.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау аясындағы қаржыландыру бағдарламалары:

- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Өнімдік жұмысбастылықты дамыту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында 3,4 млрд.теңге сомаға қаражаттар алды.
- Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы аясында «Жинақ банкі» АҚ ЕБ қаражаттарын толық игерген соң, қосымша түрде «ҚДБ» АҚ-дан 2,3 млрд. теңге көлемінде қосымша қаражат алды. Бағдарламаның жалпы көлемі 9,3 млрд. теңгені құрады.

Халықаралық бизнес:

Құжаттамалық бизнесЕБ және «Қазақстан Даму банкі» АҚ 1 млрд. теңге сомасына ірі кәсіпкерлік субъектілерінің айналымдағы капита2016 ж. салыстырғанда 30%-ға ұлғайды және 190,45 млн. теңгені құрады.

- «КазЭкспортГарант» ЭСК» АҚ 2,5 млрд. теңгеге жуық жалпы сомаға сақтандыруды жабуға шетелдік қаржы институттары бар 26 мәміле жүзеге асырылды.
- 12 қаржы институттарымен банкаралық нарықтағы операциялар туралы бас келісімдер, бағалы қағаздар мен фьючерстер бойынша бизнесті жүргізу туралы шарттар жасалды, корреспонденттік шоттар (лоро) ашылды.

Транзакциялық өнімдер:

- | | |
|--|---|
| • ағымдағы шоттар ашу, соның ішінде онлайн ашу; | • кешенді инкассация; |
| • ұлттық және шетел валютасындағы аударым операциялары; | • өзін-өзі инкассациялау; |
| • қолма-қол ақшалары бар аоперациялар; | • пакеттік ұсыныстар; |
| • салымдар ашу, соның ішінде онлайн ашу; | • жалақы жобасы; |
| • шетел валютасындағы FX операциялар, соның ішінде Sales desk сервисі және FX платформасы; | • бизнес-карта; |
| • төлем тапсырмаларын штрих-кодтау; | • ПОС-терминал; |
| • сейфтік сақтау; | • ағымдағы шоттардағы ақша қалдықтарына сыйақы есептеу; |
| • Эскроу-шоттар ашу; | • шотты онлайн резервтеу; |
| • Сбербанк Бизнес Онлайн қашықтан қызмет көрсету; | • ЗТ/ЖК арналған мобильді банкинг; |
| • Сбербанк корпорация (Cash management); | • смарт терминал; |
| • дәстүрлі инкассация; | • интернет-эквайринг; |
| | • валюталық бақылау. |

Стратегиялық ынтымақтастық:

- 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Жинақ банкі» АҚ ЕБ мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және банктік сектордың технологияларын дамытуға қатысу бойынша көшбасшы мәртебесін тағы бір рет растады. Банк «Бизнестің жол картасы 2020» Бизнсеті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында берілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының субсидиялау және кепілдіктер көлемі бойынша ЕДБ арасында көшбасшы болып табылады.

Сбербанк Өскемен және Согринск ЖЭО сатып алу мәмілесі бойынша «Қазақстан Коммуналдық Жүйелері» ЖШС серіктесі болып әрекет етті.

Жинақ банкі» АҚ ЕБ «КазАгроФинанс» АҚ-ның «Ең үздік қаржы серіктесі» деген марапатына ие болды.

2017 ЖЫЛҒЫ БӨЛШЕК БИЗНЕС

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ қызметінің басты принциптерінің бірі сапалы клиенттік ұсынысты қалыптастыру, сатылымның тиімді жүйесін құру және бөлшек технологияларды жетілдіру болып табылады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің саны 227 мың адамға немесе 18%-ға ұлғайды.

2017 жылы бөлшек блоктың несиелік портфельі жеке тұлғалардың кредиттерін сату кезінде 275 млрд. теңге, жеке тұлғалардың кредиттерін сату кезінде 173 млрд тг. құрады, соның ішінде:

- Автокредиттер бойынша портфель 2016 жылмен салыстырғанда 23%-дан астамға өсіп, 116,7 млрд. теңгені құрады.
- Ипотекалық заемдар бойынша кредиттер портфельі 2016 жылмен салыстыру бойынша 44%-ға ұлғайып, 116,7 млрд. теңгені құрады.
- Тұтынушылық заемдар бойынша кредиттер портфельі 2016 жылмен салыстыру бойынша 64%-ға ұлғайып, 127,4 млрд. теңгені құрады.
- 2017 ж. нәтижелері бойынша кредиттер бойынша нарықтағы үлесі 46,6 %-ды құрады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша тартылған қаражат қалдығы 10,1%-ға ұлғайды, бұл ретте негізгі ұлғаюы мерзімді салымдар есебінен (10,3%) болды, бұл ҚР салымдар нарығындағы үлесін 7,9%-дан 8,5%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.


2017 ж. төлем карталары эмиссиясының өсімі 336 мың картаны құрады.



Бөлшек блоктың нәтижелеріне келесі іс-шаралар мен бағдарламаларды іске асыру есебінен қол жеткізілді:

1. 2017 жылы Банкте жеке тұлғалар бойынша цифрлық кредиттік процесті жүзеге асыру мақсатында Банкке «FICO OM» жаңа жүйесі енгізілді.
2017 жылдың қорытындысы бойынша «FICO OM» БЖ-да барлық кепілсіз кредиттер, сондай-ақ автокредиттер орталықтандырылды және ЖТ кредиттеудің бірыңғай жүйесіне ауыстырылды.
Жаңа кредиттік процестің арқасында сенімгерлік кредиттің толық конвейері 2 күннен 2 сағатқа дейін қысқарды.
Кредитті беру уақытын қысқартуға келесі автоматтандырулар есебінен қол жеткізілді:
 - Сауалнаманы қолмен енгізу автоматтандырылды;
 - Андеррайтерлерсіз шешім қабылдау жүзеге асырылды;
 - Клиент карточкасын, шотты және банктік заем шартын автоматты құру жүзеге асырылды;
 - Кредитті автоматты беру жүзеге асырылды;
 - Кредитті картаға аудару мүмкіндігі жүзеге асырылды;
 - Кредитті басқарудың бақылаушылары кредитті беру процесінен шығарылды;
 - Банктік заем шартын міндетті жаңарту алынып тасталды.«FICO OM» жаңа жүйесінде «Автокредит» өнімі аясында бірыңғай жүйеде барлық қосалқы өнімдер жүзеге асырылды, сондай-ақ өтінім беруден бастап кредиттік қаражаттарды беруге және қаражатты автосалонға автоматты аударуға дейінгі процесс толығымен автоматтандырылды.
2. Процестерді оңтайландыру және кредиттеудің бәсекелестік талаптарын қолдау нәтижесінде «Сенімгерлік кредит», «Тұрғын үй кредиті», «Шұғыл мұқтаждықтарға» және «Автокредиттеу» бағдарламалары бойынша серпіліс орын алды:
 - Кредиттеу талаптарын жақсарту бойынша акциялар іске қосылды, олардың негізгілеріне жататындар: «Банк серіктесі жылжымайтын мүлік егентігі арқылы берілетін ипотека» акциясы, клиенттің кірісін қарапайым қаржылық талдау кезде 30%-дан басталатын бастапқы жарнаны төмендетумен автокредиттер бойынша акция, «175 пәтер» акциясы, ипотека бойынша 30%-дан басталатын бастапқы жарнаны төмендету бойынша акция, кепілдік заемдарды қайта қаржыландыру бойынша акция (комиссия 0%);
 - «Банктің серіктес автосалонынан айдалған автокөлікті сатып алу» кредиттеу бағдарламасы іске қосылды;
 - Коммерциялық жылжымайтын мүлік кепіліне «Шұғыл қажеттеліктерге» кредит беру енгізілді;
 - «Тұрғын үй кредиті» бағдарламасы бойынша кредиттің ең көп сомасы 20 млн. теңгеге ұлғайтылды;
 - «Шұғыл қажеттеліктерге арналған кредиттеу» өнімі бойынша мерзім 120 айға ұлғайтылды;
 - «Сенімгерлік кредит» өнімі бойынша кредиттеудің ең көп мерзімі 60 айға дейін ұлғайтылды;
 - Клиенттің төлем қабілеттілігін бағалаудың жаңа әдістемесі бекітілді және жүзеге асырылды;
 - Өтінімді қарастыру процесін жеңілдету мақсатында толықтырулар жүзеге асырылды.

3. Кепілдік кредиттерді беру процесі оңтайландырылды және келесі нәтижелерге қол жеткізілді:
 - Шешім қабылдау уақыты 7 күннен 5 күнге дейін қысқарды.
 - Қарастыру уақыты 42% -ға қысқарды.
 - Кепілді тіркеу уақыты 5 күннен 1 күнге дейін қысқарды.Процесті оңтайландыру келесі әс-шаралар есебінен жүзеге асырылды:
 - Кепілдік кредиттер бойынша алдын-ала шешім бағыты өзгертілді және жүзеге асырылды.
 - Кепіл шартын электронды тіркеу жүзеге асырылды.
 - Кепілді бағалаған соң, шешім қабылдау сатысы автоматтандырылды, ол уақытты 7 күннен 5 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді; күтудың жалпы уақыты 2 күнге дейін қысқарды.
 - Кепілді тексеруге өатысты талаптар өзгертілді.
 - Рұқсат етілген қайта жобалаулар тізімі кеңейтілді.
 - Кепіл мүлкі бойынша төмендетуші коэффициенттің қолданылуы тоқтатылды.
4. Банк халықты ипотекалық кредиттеу бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты:
 - Ипотекалық кредиттеу бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды және жүзеге асырылды.
 - Қосымша қаржыландырумен «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-дағы несие берешегін қайта қаржыландыру процедурасы жүзеге асырылды.
 - Қарапайым қаржылық кредиттеу кезінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша басқапқы жарна 35% -ға төмендетілді.



Digital-дағы жаңалық:

- Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасы UsabilityLab нұсқасы бойынша 2017 жылы Қазақстан банктерінің мобильді қосымшаларының usability-рейтингінде бірінші орын алды.
- Қазақстанның ЕДБ мобильді банкингері арасында 1-ші орынды алды, сонымен қатар елдің 10 үздік мобильді қосымшалары қатарына енді.
- Сбербанк Онлайнның белсенді клиенттер саны 200 000 адамнан асты.
- online депозиттермен жұмыстың толық циклы енгізілді: ашу/жабу/ішінара алу.
- Салымдар бойынша кірісті есептеуге арналған калькулятор енгізілді.
- Телефон нөмірі арқылы әлемнің кез келген банкінің картасына аудару енгізілді.
- Копилка сервисі енгізілді.
- Кесте бойынша автоаударым сервисі енгізілді.
- iOS және Android бағдарламаларына PUSH хабарламалары іске қосылды.
- Сбербанк Онлайнда iOS және Android бағдарламаларына екі жақты өз бетінше тіркелу сервисі іске қосылды.
- Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасында «Пошталық жәшік» (чат) сервисі енгізілді.
- Android үшін саусақ ізі бойынша Сбербанк Онлайн қосымшасына кіру енгізілді.
- Сбербанк Онлайндағы Шаблондарды автоматты сақтау сервисі енгізілді.
- Iphone X пайдаланушылары үшін FaceID бойынша кіру жүзеге асырылды.
- Ақпараттық-төлем терминалдарына Колибри аударымы енгізілді (қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жолмен).
- Банкоматтарға кросс-платформалық аударымдар енгізілді (Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелері арасында).
- Өзіне өзі қызмет көрсету құрылғыларына WEB-интерфейс енгізілді.
- Лездік карталарды беру процесі оңтайландырылды.
- Қолма-қол ақшасыз операциялар үшін CashBack есептеу енгізілді.
- travel card - OneTwoTrip іске қосылды (25 000 мыңнан астам карта шығарылды)
- Nomad Black Edition сыйлықақы картасы шығарылды.
- «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ның travel cards нарығының үлесі 60%-дан асты.

200 000
астам

Сбербанк
Онлайн белсенді
клиенттерінің саны

ФИЛИАЛДАР ЖЕЛІСІ

01.01.2018 ж. жағдай бойынша Банктің филиалдық желісі 16 филиалдан және 90 бөлімшеден тұрады.

Филиалдық желіні дамыту

Филиалдық желіні дамыту жоспары және Филиалдық желі тиімділігін арттыру бағдарламасын жүзеге асыру аясында Банк 2017 жылы 10 цифрлық форматтағы жаңа бөлімше ашты.

Цифрлық форматтағы жаңа бөлімшелер заманауи жабдықтар кешенімен жабдықталған: электронды кассир, бейнебанкинг және coworking-аймақтар. Филиалдың 7 жаңа құрылымдық бөлімшесінде кассалық тораптар электрондық кассирлермен алмастырылды.

Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің соңғы заманауи стандарттарына жауап береді: ең соңғы банктік технологиялар келіп түскен сұратуларды ең қысқа мерзімде өңдеуге, сараптауға және орындауға мүмкіндік береді. Операциялық залдардың функционалды инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар ұсынады.

2018 жылғы филиалдық желіні дамыту жоспары Түркістан, Сарыағаш және Шымкент қалаларында 3 жаңа бөлімшені ашу арқылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы филиалдық желіні кеңейтуге бағытталған.

Клиенттерге қызмет көрсету сапасы

2017 жылы Банк Сапаны басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысын жалғастырды:

- Клиенттердің өтінімдерімен жұмыс жасаудың орталықтандырылған моделі енгізілді.
- Бұл модель фронт-офис қызметкерлерінің уақытын босатуға және жауапты дайындау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.
- Шағымдардың түрлері бойынша жазбаша және ауызша жауаптарды дайындаудың ортақ тәсілдемесін таңдау арқылы клиенттердің шағымдарына жауаптарды дайындау жүйесі оңтайландырылды.

2018 жылы Банк «Клиенттерге қызмет көрсету сапасы» бағытын келесі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы дамытуды жалғастырады.

1. Жүйелік проблемаларды анықтау және оларды жою бойынша жұмыстарды Банктің жауапты бөлімшелерімен бірлесе жүргізу.
2. Бөлшек бизнестің жаппай мамандықтарын және фронт-басшыларын сертификаттау бағдарламасына үздік сервис бойынша оқытушы бағдарламаларды/роликтерді әзірлеу және енгізу.
3. Клиенттердің сенімділігі индексі арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2017 жылдың маңызды оқиғалары:

1. Төлемдерді жүргізуге арналған конструкторды іске қосу, Native Pay агрегаторын іске қосу және Сбербанк онлайнда SMS-ты орыстандыру есебінен Сбербанк онлайнды жаңарту.
 2. Кассалық операцияларды демеу орталығы процестерін автоматтандыру.
 3. Корпоративтік сервистік шинаны 10-шы версияға көшіру.
 4. Банктің сыртқы сайты арқылы төлем картасына Pin-code алу» жаңа сервисін енгізу.
 5. Астана банкіне процессингтік қызметтерді ұсынудың басталуы.
 6. Сбербанк онлайнда «Техникалық үзіліс» режимі жаңа функционалын жүзеге асыру, ол жоғары жүктемелер немесе жүйе қол жетімсіз болған кезде Сбербанк онлайн сервистерінің жұмыс қабілетін қолдауға мүмкіндік береді.
 7. Процессингтік орталық жұмысының тоқтап қалуын 46%-ға азайту кезінде процессингтік орталықта өңделген транзакциялар санының 40%-ға ұлғаюы.
- Ақпараттық технологияларды дамытудың мәлімделген стратегиясы аясында, Банк инфрақұрылымның сенімділігі мен икемділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырды. Осы бағыттағы АТ инфрақұрылымының виртуализациясы бойынша жоба осы бағыттағы көшбасшы болды, ол ресурстарды үнемдеуге, уақыт және қаржы шығындарын төмендетуге және “Cloud” технологиясын қолдану есебінен жылдам әрекет етуді үдетуге бағытталған.

2018 жылы банк қызметті автоматтандыруға, жаңаша ақпараттық жүйелерді сапалы қамтамасыз етуге, «Core систем» жүйесінің бас тартуға тұрақтылығын арттыруға және инновациялық технологиялар мен шешімдерді енгізуге, сондай-ақ өнімдерді шығару жылдамдығын және клиенттердің қанағаттандырылуын жоғарылатуға негізделген АТ стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырады.

МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ


2017 жылы Сбербанк тарапынан банктік өнімдердің сатылым деңгейін арттыруға, клиентке бағытталушылықты, қызмет көрсету сапасын жоғарлатуға және Сбербанктің жағымды имиджін сақтауға бағытталған бірқатар маркетингтік және PR-бағдарламалар жүзеге асырылды. Келесідей жарнамалық кампаниялар да сәтті жүзеге асырылды:

- Великолепная семерка акциясы
- «1%-дан басталатын сенімгерлік кредит» акциясы
- «Сбербанктен миллион» акциясы
- «Ұмытылмас демалысыңды жина» акциясы
- «Сәтті маусым» акциясы
- «Кепілдік кредиттерді қайта қаржыландыру» жарнамалық кампаниясы
- «Сәтті жұма» акциясы
- «Лови момент с Мастеркард» акциясы
- «Email үшін жүлде» акциясы
- «Карталар бойынша Cashback» жарнамалық кампаниясы
- Акция «Сбербанктің Мастеркардымен Айфон X ұтып ал» акциясы

Тікелей Сбербанктің өнімдері мен қызметтерін алға жылжытуға бағытталған маркетингтік іс-шаралардан басқа, стратегиялық маркетинг бағыттарын дамытуға байланысты, түрлі жобалар жүзеге асырылды, олардың арасында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, маркетингтік зерттеулер жүргізуге, ұлттық және аймақтық деңгейдегі BTL-акцияларын өткізуге негізделген іс-шаралар болды.

МИКРОБИОЛОГИЯ

Зерттеу мәні болып микроағзалар (микробтар) деп аталатын микроскопиялық жаратылыстар, олардың биологиялық белгілері және біздің планетамызда мекендейтін басқа ағзалармен өзара қатынастар табылатын ғылым. Микроағзалар келесілерді қамтиды: бір жасушалы ағзаларды, көп жасушалы ағзаларды және жасушасыздарды.



VII. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ-НІҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Демеушілік пен қайырымдылық - Сбербанктың корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қайырымдылық және демеушілік жобаларын жүзеге асыра отырып, Сбербанк өзінің құндылықтарын және ашықтық пен ынтымақтастық қағидаларын ұстанатындығын көрсетеді.

2017 жылы Сбербанктің қайырымдылық көмек бюджеті 32,5 миллион теңгені құрады.

Сбербанктің әлеуметтік жауапкершілік саласы қайырымдылық көмек, сондай-ақ бизнесті жүргізудің құқықтық нормаларға сәйкестігі, іскерлік және кәсіби этиканы сақтау, қызметкерлердің, клиенттердің және серіктестердің алдындағы міндеттер, сапа менеджментінің халықаралық стандарттарына көшу мәселелерін кеңінен қамтиды.

Сбербанк білім, ғылым, мәдениет және қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету жағынан демеушілік және қайырымдылық қызметімен айналысады. Бүгінде бүкіл республика бойынша Сбербанктің әрбір филиалының қамқорлығына балалар үйі берілген, оларға тұрақты негізде көмек көрсетіліп тұрады. Сбербанк бүкіл Қазақстан бойынша қайырымдылық жобаларына белсенді қатысып келеді, балалар үйі мен интернаттарға көмек көрсетеді, балалар мейрамын ұйымдастырады, балалар үйіне арналған қажетті заттарды сатып алады.

Бүгінгі таңда, Сбербанк бүкіл Қазақстан бойынша 50-ден астам ұйымға көмек көрсетеді. Бұл ұйымдарға балалар үйі, паналайтын жерлер, интернаттар, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған мекемелер, кәмелетке томағандарды оңалту және бейімдеу орталықтары және басқа да қоғамдық ұйымдар кіреді.

2016 жылдың көптеген демеушілік іс-шаралары мен акциялары ішінен бірқатар айтарлықтай маңызды жобаларды айрықша атап көрсетуге болады:

